**Пилоттық халық санағын жүргізу қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 20 наурыздағы № 121 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 30 наурызда № 16692 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 11 қазандағы № 1049 қаулысымен бекітілген Ұлттық санақтарды жүргізу қағидалары мен мерзімдерінің 7-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Пилоттық халық санағын жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Пилоттық халық санағы 2018 жылғы 1-30 сәуір аралығында Ақмола облысының Бурабай ауданында және Шығыс Қазақстан облысының Аягөз ауданында жүргізілсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың мүдделі мемлекеттік органдарға, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарына басшылыққа алу және орындау үшін жеткізілуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қағаз және электронды түрдегі қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерінің ресми жариялауға және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсына орналастырылуын;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне бұйрықтың осы тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің бірінші вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі* | *Т. Сүлейменов* |

"КЕЛІСІЛДІ"
Ақмола облысының әкімі
___________ М. Мырзалин
2018 жылғы 16 наурыз
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар
министрі
___________ Д. Абаев
2018 жылғы 26 наурыз
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
___________ Б. Сұлтанов
2018 жылғы 20 наурыз
"КЕЛІСІЛДІ"
Шығыс Қазақстан облысының
әкімі
___________ Д. Ахметов
2018 жылғы 15 наурыз

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 20 наурыздағы
№ 121 бұйрығымен бекітілді

## Пилоттық халық санағын жүргізу қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Пилоттық халық санағын жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) санақ парақтарын сынау, өткізуді ұйымдастыру мен алынған деректерді өңдеу кезін сынақтан өткізу мақсатында әзірленді және 2018 жылғы 1-30 сәуір аралығында Ақмола облысының Бурабай ауданында және Шығыс Қазақстан облысының Аягөз ауданында ( бұдан әрі – облыстар) пилоттық халық санағын (бұдан әрі – пилоттық санақ) жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Пилоттық санақты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті (бұдан әрі – Комитет), оның аумақтық органдары (бұдан әрі – аумақтық органдар), сондай-ақ "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Ақпараттық-есептеу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – "АЕО" РМК) жүргізеді.

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар мен анықтамалар 2010 жылғы 19 наурыздағы "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Ұлттық санақтарды жүргізу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы" (бұдан әрі – Санақ қағидалары) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 11 қазандағы № 1049 қаулысына сәйкес қолданылады.

## 2-тарау. Пилоттық халық санағын жүргізу тәртібі

4. Пилоттық санақты ұйымдастыру мен жүргізу үшін республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде мынадай персонал тартылады (бұдан әрі –тартылатын персонал):

еңбек шарты бойынша ұлттық санақтарға дайындық және өткізу жөніндегі басшы;

еңбек шарты бойынша ұлттық санақтарға дайындық және өткізу жөніндегі нұсқаушы (бұдан әрі – ЕШ бойынша нұсқаушы);

өтеулі қызмет көрсету шарты бойынша ұлттық санақтарға дайындық және өткізу жөніндегі нұсқаушы (бұдан әрі – ӨҚКШ бойынша нұсқаушы);

өтеулі қызмет көрсету шарты бойынша интервьюер (бұдан әрі – интервьюер).

5. Тартылатын персоналды жасақтау, бекіту және оқыту тиісті аумақтық органдарға жүктеледі.

6. Пилоттық халық санағы үш кезеңде: дайындық, негізгі және қорытынды кезеңдерде жүргізіледі.

7. Дайындық кезеңінде қолда бар деректерді нақтылау үшін аумақтық органдар әрбір елді мекеннің аумағын тіркеу учаскелеріне бөлуді жүргізеді.

Аумақтық органдарда алдын ала дерекқор жасалады, оған интервьюерлердің әрі қарай пайдалануы үшін планшеттерге жүктелетін шаруашылық бойынша есепке алу кітабынан (ауылдық жерлер үшін), халықтың статистикалық және тұрғын қоры тіркелімдерінен алынған деректер жүктеледі.

ЕШ бойынша нұсқаушы интервьюерлер үшін тіркеу учаскелерін бекітеді. Интервьюерлер осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес тұрғын үйлердің, ғимараттардың және тұрғын емес үй-жайлардың тізімін

(бұдан әрі – тұрғын үйлер тізімі) электронды және қағаз жеткізгіштерде

(ол қажет болған жағдайда) нақтылайды және жасайды.

Интервьюер әрбір тұрғын үйге барады, бару мақсатын түсіндіреді, алдағы пилоттық санақты өткізу күні туралы хабарлайды және респонденттердің мекенжайын, санын, тегін, аты мен әкесінің атын (ол болған жағдайда) нақтылайды.

Интервьюерлер учаскелердің схемалық жоспарларымен тұрғын үйлер тізімін нақтылаудан кейін оларды нұсқаушыға ұсынады, ол тұрғын үйлердің жасалған тізімдерінің толықтығы мен дұрыстығын тексереді.

Аумақтық органдар тұрғын үйлердің нақтыланған тізімдері мен картографиялық материалдары негізінде аумақты интервьюерлердің халыққа пікіртерім жүргізуі үшін қажетті учаскелерге бөлуін, пилоттық санақтың екінші кезеңінде жүзеге асыруы үшін ұйымдастыру жоспарын жасайды.

8. Пилоттық санақтың негізгі кезеңі күнтізбелік 30 күн ішінде жүргізіледі.

Пилоттық санақ басталған күннен бастап алғашқы күнтізбелік 10 күнде интернет желісі арқылы онлайн режимде респонденттердің электронды түрде санақ парақтарын толтыруы жүргізіледі.

Пилоттық санақтан онлайн режимде өткен кезде респондент өзінің мобильді телефонының нөміріне және (немесе) тіркеу кезінде көрсетілген респонденттің электрондық мекенжайына пилоттық санақтан өткендігі туралы хабарлама алады.

Келесі күнтізбелік 20 күнде пилоттық санақ планшеттерді немесе қағаз жеткізгішті ( планшеттерді пайдалану мүмкіндігі болмаған жағдайда) пайдаланумен интервьюерлердің респонденттерге пікіртерім жүргізу жолымен жүргізіледі. Респондент пилоттық санақтан онлайн режимде өткені туралы хабарламаны ұсынған жағдайда аталған респондентке санақ парақтары толтырылмайды. Егер респонденттер пилоттық санақтан онлайн режимде өтпесе, онда интервьюер респонденттерге пікіртерім рәсімін жүргізуі қажет.

Пилоттық санақ онлайн режимде интернет желісі арқылы және планшеттерді немесе қағаз жеткізгішті пайдаланумен (планшетті пайдалану мүмкіндігі жоқ болған жағдайда) келесі санақ парақтарын:

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша "Тұратындар және (немесе) келушілер тізімі" (индексі 1-П, кезеңділігі біржолғы) санақ парағын;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша "Тұрғын үй жағдайлары" ( индексі 2-Ж, кезеңділігі біржолғы) санақ парағын;

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша "Жеке" (индексі 3-И, кезеңділігі біржолғы) санақ парағын;

осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша "Қазақстан Республикасының аумағында уақытша, 12 айдан кем жүргендер" (шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар, тұрақты негізде шетелде тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары) (индексі 4-В, кезеңділігі біржолғы) санақ парағын толтырумен интервьюерлердің халыққа пікіртерім жүргізуі арқылы жүргізіледі.

9. Пилоттық санақтың негізгі кезеңін өткізгеннен кейін халықты қамтудың анықтығы мен толықтығын тексеру мақсатында интервьюерлер мен ӨҚКШ бойынша нұсқаушы пікіртерім жүргізілген халықты іріктемелі бақылап аралап шығады.

10. Пилоттық санақтың алдын ала және негізгі кезеңдерінің нәтижелері бойынша қорытынды кезеңде:

1) халық санағына дайындықтың және өткізудің барлық кезеңдерінде анықталған ықтимал кемшіліктерге немесе қиындықтарға;

2) респонденттерден алғашқы статистикалық деректерді жинауды ұйымдастыру әдістерін (интернет желісі арқылы электрондық санақ парақтарын толтыру және планшеттерді пайдалана отырып, респонденттерге пікіртерім жүргізу жолымен) сынақтан өткізуге;

3) санақ персоналын, оның ішінде Қазақстан Республикасы азаматтарының ерекше санаттарын:

тиісті өңірлерде пилоттық халық санағын өткізуге жауапты аумақтық органдардың басшылары мен мамандарын;

әскери бөлімдердің аумақтарында және жабық әкімшілік-аумақтық бірліктерде тұратын әскери қызметшілер мен азаматтық халықты;

бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеуші және тергеу изоляторларында ұсталатын адамдарды;

өзге де институционалдық бірліктерде емдеудегі адамдарды;

қызметтік іссапарға немесе қызметтік міндеттерін орындауға байланысты ел шегінен тыс жүрген адардарды;

оқитындар мен өзге де себептер бойынша (олардың отбасы мүшелерін қоса) әлеуметтік бейімдеу немесе қамтамасыз ету мекемелерінде тұратын адамдарды санақтан өткізушілерді оқыту әдістерін пысықтау;

4) санақ парақтарындағы жекелеген сұрақтарды қоюдың қолайлылығына, халық санағына дайындық және өткізу әдіснамасын сынақтан өткізу;

5) респонденттен алынған дербес деректер мен мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етуге;

6) халық санағына дайындық және оны жүргізу кезінде статистикалық тіркелімдер мен әкімшілік деректерді пайдалану мүмкіндігіне;

7) халық санағы кезінде дербес деректерді ұсыну үшін респонденттердің интернет желісін пайдалану бойынша дайындығына;

8) тартылатын персоналдың тұрғын үй-жайларға қол жеткізуіне және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты ұйымдастыру іс-шараларының дайындығына;

9) тартылатын персоналға жүктеменің оңтайлы нормаларын айқындауға;

10) интернет-пікіртерімді жүргізу кезінде жүйеге жүктеме деңгейлерін және халық санағы деректерін автоматтандырылған өңдеу технологиясын тестілеуге талдау жүргізіледі.

11. Пилоттық санақты талдау негізінде Комитет "АЕО" РМК-мен және аумақтық органдармен бірлесіп ерікті нысанда халық санағын жүргізу үшін санақ парақтарын, деректерді жинау мен өңдеу тәсілдерін, технологиясын пысықтау қажеттігі туралы қорытындыны әзірлейді.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің

2018 жылғы 20 наурыздағы
№ 121 бұйрығымен бекітілген
Пилоттық халық санағын
жүргізу қағидаларына
1-қосымша

# 2018 ЖЫЛҒЫ ПИЛОТТЫҚ ХАЛЫҚ САНАҒЫ

Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді
Пікіртерім парағының нысаны

Аумақтық статистика органына ұсынылады

| Санақ парағын толтыруға жұмсалған уақыт, сағатпен | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 сағатқа дейін | 1-2 | 2-4 | 4-8 | 8-40 | 40 сағаттан артық |

Пікіртерім парағы www.stat.gov.kz
интернет-ресурсына орналастырылған

**"Тұрғын үйлер, ғимараттар және тұрғын емес үй-жайлар тізімі"**

Индексі 1-СЖ
Кезеңділігі : біржолғы

Ұлттық халық санағының объектілері: үй шаруашылығының құрамына кіретін респонденттер*

* "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 23-тармақшасына сәйкес үй шаруашылығы – бірге тұратын, өз табыстары мен мүлкін толықтай немесе ішінара біріктіретін және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді бірлесіп тұтынатын бір немесе одан да көп жеке тұлғалардан құралған экономикалық субъект.

## Тұрғын үйлер, ғимараттар және тұрғын емес үй-жайлар тізімі (тіркеу учаскесіне жасалады) 1-бөлім. Халық санағы объектісіне толтырылады

| р/с № | Атауы | |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Аумақтың (елді мекеннің) коды және атауы | |
| 2 | Көшенің типі | |
| 3 | Мекенжайы, даңғылдың, көшенің, алаңның, тұйық көшенің, өтпе жолдың атауы | |
| 4 | Объектінің типі | |
| 5 | Объектінің мәртебесі | |
| 6 | Үйдің нөмірі | |
| 7 | Картада объектінің болуы туралы белгі | |
| 8 | Үй тиесілі мекеменің, кәсіпорынның атауы немесе үй иесінің тегі мен аты-жөні | |
| 9 | Мектеп-интернаттардағы, ауруханалардағы, санаторийлердегі, қонақүйлердегі, демалыс үйлеріндегі тұрақты тұратындардың саны | |
| 10 | Ескертпе* | |

## 2-бөлім. Тұруға жарамды объектілер бойынша пәтерге (бөлмеге, үйге) толтырылады

| р/с № | Пәтердің нөмірі | Объектінің (пәтердің, бөлменің, үйдің) типі | Тұратын халықтың саны | Үй тиесілі мекеменің, кәсіпорынның атауы немесе үй иесінің тегі мен аты-жөні | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | | | | | |
| 3 | | | | | |
| 4** | | | | | |

Ескертпе:

* - ескертпеде әрбір объекті бойынша кез келген өзгерістер мен ескертулер көрсетіледі

** - бұдан әрі жолдарды қажеттілігіне қарай қосу;

Елді мекендердегі тұрғын үйлер, ғимараттар және тұрғын емес үй-жайлар тізімін жасау бойынша түсіндірмелер тұрғын үйлер, ғимараттар мен тұрғын емес үй-жайлар тізіміне қосымшада келтірілген.

Тұрғын үйлер, ғимараттар және<br>тұрғын емес үй-жайлар тізіміне<br>қосымша

## Елді мекендерде тұрғын үйлер, ғимараттар мен тұрғын емес үй-жайлар тізімдерін жасау бойынша түсіндірмелер

1. Тұрғын үйлер тізіміне:

халық тұрып жатқан немесе тұра алатын тіркеу учаскесінің аумағында орналасқан барлық тұрғын үйлер, ғимараттар және тұрғын емес үй-жайлар;

кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелер орналасқан ғимараттар мен тұрғын емес үй-жайлар;

тұрғын және тұрғын емес құрылыстар жүргізіліп жатқан учаскелер;

құрылыс әлі басталмаған, бірақ нөмірлер берілген учаскелер жазылады.

2. Әрбір тұрғын үй тұрғын үйлер тізіміне жеке құрылысты көрсетумен және олардың орналасу тәртібімен рет-ретімен жазылады.

3. 1-бөлімнің бағандарында:

1) әкімшілік аумақтық объектілердің коды мен аумақтың (елді мекеннің) атауы;

2) "е-Статистика" интеграцияланған ақпараттық жүйесіндегі (бұдан әрі – " е-Статистика" ИАЖ) көше кодификаторларының анықтамалығына сәйкес көшелер типі ;

3) мекенжайы, даңғыл, көше, алаң, тұйық көше, өтпе жолдың атаулары, бұл атаулар осы даңғыл, көше, алаң, тұйық көше, өтпе жол бойынша бірінші болып жазылған үйге қарама-қарсы жолда бір рет қана көрсетіледі, ал басқа санақ объектілеріне қарама-қарсы "-u-" белгісі қойылады;

4) "е-Статистика" ИАЖ объектілер типтерінің анықтамалығына сәйкес объектінің типі;

5) "е-Статистика" ИАЖ объектілер мәртебесінің анықтамалығына сәйкес объектінің мәртебесі;

6) үйдің нөмірі көрсетіледі. Нөмірлері қосымша санмен немесе әріптік нөмірлеумен белгіленетін санақ объектілері үшін негізгі, сонымен қатар қосымша белгілері де жазылады (мысалы, 8-а, 5/1).

Егер тұрғын үйлер бірнеше ірі көппәтерлі корпустардан немесе қосымша нөмірлеумен (мысалы, А корпусы, Б корпусы немесе 1-корпус, 2-корпус және т.с.с.) белгіленетін басқа да құрылыстардан тұрса, онда осындай әрбір корпус немесе құрылыс жалпы көшелік нөмір және корпустың нөмірі (мысалы, 5 корпус А, Б корпусы , 1/18 корпус 2 және т.с.с.) көрсетіле отырып, тізімде жеке жолда жазылады.

Үйдің осы көшелік нөмірімен берілген барлық тұрғын және тұрғын емес ғимараттар жазылады;

Құрылыстар санында олардың конструктивтік ерекшеліктерінің (мысалы, гараждар) себебінен халық тұра алмайтын шаруашылық құрылыстар ғана ескерілмейді, ал егер бәрібір тұрған жағдайда оларды тұру фактісі бойынша тізімге енгізеді. Ғимаратпен бір шатырдың астында орналасқан жапсарлас салуларды қоса алғанда, жеке тұрған ғимарат құрылыс деп саналады.

7) объектінің картада болуы туралы белгі, тұрақты тұратын халықтың санын көрсетумен барлық тұрғын үйлер картографиялық материалға енгізіледі және учаскедегі әрбір объектіні нүктелік анықтау жүйесін (GPS) пайдалана отырып картографиялық материалға сәйкестігіне салыстыра тексеру жүргізіледі;

8) санақ объектісі тиесілі мекеменің, кәсіпорынның атауы немесе үй иесінің тегі мен аты-жөні. Егер санақ объектісі бірнеше иелерге тиесілі болса, онда бағанда әрбір иесі көрсетіледі;

Тұрғын немесе тұрғын емес құрылыстарды (егер оларда ешкім тұрмаса) салу жүргізіліп жатқан учаскелер бойынша 1-бөлімнің 8-жолында салынып жатқан үй тиесілі мекеменің немесе кәсіпорынның атауы немесе құрылыс салушының тегі мен аты-жөні жазылады және 10-жолда "үй салынып жатыр" белгісі қойылады.

9) мектеп интернаттарда, ауруханаларда, санаторийлерде, қонақүйлерде, демалыс үйлерінде тұрақты тұратындардың саны;

10) ескертпеде осы бағанда пилоттық санақ жүргізу кезінде осы объекті бойынша кез келген маңызды өзгерістер мен ескертулер көрсетіледі.

4. 2-бөлім 1-бөлімде көрсетілген тұруға жарамды, жаңа үй және (немесе) жартылай қоныстандырылған болып белгіленген барлық санақ объектілері бойынша толтырылады.

2-бөлімдегі бағандарда:

1) пәтердің нөмірі, жатақханадағы бөлменің нөмірі, жеке үйдің нөмірі, үйдің осы көшелік нөмірімен берілген барлық тұрғын-үй құрылыстары жазылады;

2) нөмірлері қосымша цифрмен немесе әріптік нөмірлеумен белгіленетін санақ объектілері үшін негізгі, сол сияқты қосымша белгілері де (мысалы, 8-а, 5/1 және т.с.с.) жазылады. Құрылыстар санында олардың конструктивтік ерекшеліктерінің (мысалы,

гараждар) себебінен халық тұра алмайтын шаруашылық құрылыстар ғана ескерілмейді, ал егер бәрібір тұрған жағдайда оларды тұру фактісі бойынша тізімге енгізеді.

3) объектінің типі – "е-Статистика" ИАЖ объектілер типтерінің анықтамалығына сәйкес пәтерлер, бөлмелер, үйлер;

4) оларда тұратын халықтың саны.

Бұл ретте 2-бөлімнің 4-бағанында нақты бар халық пен 12 айдан кем уақыт болмағандар туралы деректер жазылады. 12 айдан артық болмаған, сондай-ақ әскери қызметке және оқуға (оқу мерзімі 12 ай және одан артық) кеткен адамдар олардың кету мерзіміне қарамастан 4-бағанға қосылмайды.

5) санақ объектісі тиесілі мекеменің, кәсіпорынның атауы немесе үй иесінің тегі мен аты-жөні. Егер санақ объектісі бірнеше иеленушіге тиесілі болса, онда әрбір иеленуші көрсетіледі;

6) ескертпеде пилоттық санақты жүргізу кезінде осы объекті бойынша кез келген маңызды өзгерістер мен ескертулер көрсетіледі.

5. Учаске объектілерінің барлығын аралауды аяқтап және қажетті мәліметтерді тізімге енгізгеннен кейін интервьюер оның учаскесінің картасында көрсетілген санақ объектілерінің тиісті санымен тізімде жазылған объектілер санын салыстырады. Егер интервьюер аралау кезінде учаскенің картасына түсірілмеген үйлерді анықтаған жағдайда, ол оларды тұрғын үйлер тізіміне енгізеді және электрондық және (немесе) қағаз жеткізгіштерде белгілейді.

Қазақстан Республикасы<br>
Ұлттық экономика министрінің<br>
2018 жылғы 20 наурыздағы<br>
№ 121 бұйрығымен бекітілген<br>
Пилоттық халық санағын<br>
жүргізу қағидаларына<br>
2-қосымша

Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді

Пилоттық халық санағына санақ парағының нысаны

# 2018 ЖЫЛҒЫ ПИЛОТТЫҚ ХАЛЫҚ САНАҒЫ

Аумақтық статистика органына ұсынылады

| Санақ парағын толтыруға жұмсалған уақыт, сағатпен | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 сағатқа дейін | 1-2 | 2-4 | 4-8 | 8-40 | 40 сағаттан артық |

Санақ парағы www.stat.gov.kz интернет-ресурсына орналастырылған

"Тұратындар және (немесе)
келушілер тізімі"

Индексі 1-П

Кезеңділігі : біржолғы

Ұлттық халық санағының объектілері: үй шаруашылығының құрамына кіретін респонденттер*

* "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 23-тармақшасына сәйкес үй шаруашылығы – бірге тұратын, өз табыстары мен мүлкін толықтай немесе ішінара біріктіретін және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді бірлесіп тұтынатын бір немесе одан да көп жеке тұлғалардан құралған экономикалық субъект.

1-П санақ парағы "Тұратындар және (немесе) келушілер тізімі"

| | |
|---|---|
| Нұсқаушылық учаскенің нөмірі1<br>Есеп учекесінің нөмірі1 | |

1. Аумақтың (елді мекеннің) атауы ___________________________________________

2. ӘАОЖ бойынша елді мекеннің коды[2]...................................

3. Даңғыл, көше, алаң, тұйық көше, өтпе жол__________________________________

4. Үйдің нөмірі .................................................

5. Пәтердің нөмірі……………………………

6. Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ.......................

7. Мекеме[3]…...........................................................

8. Үй-жайда тұратындардың және (немесе) келушілердің құрамы:

| Үй шаруашылығының реттік нөмірі | Үй шаруышылығы шегіндегі реттік нөмір | ЖСН | Тегі | Аты | Әкесінің аты (болған жағдайда) | Уақытша тұру (12 айдан кем) | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Қазақстан Республикасындағы тұрғылықты жері бойынша ол туралы мәліметті хабарлайтын ешкімі жоқ респондент | Шетелде тұрақты тұратын, Қазақстан Республикасында уақытша жүрген респондент |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

Ескертпе:

1 Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің қалалық және облыстық статистика департаменттері нұсқаушылық және есеп учаскелерінің нөмірлерін автоматты түрде береді;

2 ҚР ҰЖ 11-2009 Әкімшілік-аумақтық обьектілер жіктеуіші;

3 мекемелерде тұратындар және (немесе) келушілер үшін ғана көрсетіледі.

Пилоттық халық санағын жүргізу кезінде "Тұратындар және (немесе) келушілер тізімі" санақ парағын толтыру бойынша түсіндірмелер "Тұратындар және (немесе) келушілер тізімі" (индексі 1-П, кезеңділігі біржолғы) санақ парағына қосымшада келтірілген.

"Тұратындар және (немесе)
келушілер тізімі"
(индексі 1-П, кезеңділігі
біржолғы) санақ парағына
қосымша

## Пилоттық халық санағын жүргізу кезінде "Тұратындар және (немесе) келушілер тізімі" (индексі 1-П, кезеңділігі біржолғы) санақ парағын толтыру жөніндегі түсіндірмелер

1. Осы Пилоттық халық санағын жүргізу кезінде "Тұратындар және (немесе) келушілер тізімі" (индексі 1-П, кезеңділігі біржолғы) санақ парағын (бұдан әрі – санақ парағы) толтыру жөніндегі түсіндірмелер санақ парағын толтыруды нақтылайды.

2. Пилоттық халық санағын жүргізу кезінде халықты есепке алу 2018 жылғы 31 наурыздан 1 сәуірге қараған түні 00 сағат сәтіндегі жағдай бойынша жүзеге асырылады .

Халықты есепке алу сәтінен кейін қайтыс болғандар санақ парақтарында есепке алынады. Халықты есепке алу сәтінен кейін туғандар санақ парақтарында есепке алынбайды.

3. Санақ парағын толтыру кезінде көрсетілген жауап нұсқаларында тиісті белгілер қойылады, қажет болған жағдайда цифрлар және (немесе) мәтін енгізіледі.

4. Санақ парағына уақытша болмағандар және уақытша тұратындар және (немесе) келушілерді, оларға қатысты тұрғылықты жері бойынша олар туралы мәліметтерді хабарлайтын ешкімі жоқтарды қосқанда, үй шаруашылығының құрамына кіретін, елде тұрақты тұратын респонденттер (бұдан әрі – респондент) (Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар) енгізіледі.

Сондай-ақ, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар тұрақты негізде шетелде тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының аумағында 12 айдан кем уақытша тұратындар.

Респондент 12 ай және одан артық уақыт тұратын елді мекен тұрғылықты жері болып саналады.

Уақытша болмағандарға осы елді мекенде тұрақты тұратын, бірақ халықты есепке алу сәтінде, егер олардың болмауы 12 айдан аспаса осы елді мекеннің аумағынан тыс жерде болған респонденттер жатады.

5. Үй-жайда тұратындар және (немесе) келушілерді жазу әрбір жеке үй шаруашылығы бойынша жүргізіледі. Егер үй-жайда бірнеше үй шаруашылығы тұрса, онда алдымен бір үй шаруашылығы барлық респонденттерінің деректері, одан кейін басқа үй шаруашылығы респонденттерінің деректері толтырылады.

Санақтан өтетін үй шаруашылығы шегінде уақытша болмаған, кәмелеттік жасқа толмағандар, әрекетке қабілетсіз респонденттер үшін санақ парақтарын басқа кәмелеттік жасқа толған респонденттер немесе осы респонденттердің қорғанышы немесе қамқоршылары толтырады.

Егер халықты есепке алу сәтінде әрекетке қабілетсіз респондент үйде болса, онда ол үшін санақ парағын қорғанышы, егер мамандандырылған мекемеде болса қамқоршысы толтырады.

6. 1-тармақта облыс, қала, аудан, ауылдық округ, елді мекеннің атауы көрсетіледі.

7. Егер үй шаруашылығының мекенжайы анықталмаса, 3-5-тармақтар толтырылмайды.

8. 4-тармақта үйдің нөмірі көрсетіледі, егер үй шаруашылығы мекемеде тұрса, ғимараттың нөмірі көрсетіледі.

9. 5-тармақта: пәтердің нөмірі көрсетіледі. Егер үй шаруашылығы мекемеде тұрса, бөлменің, палатаның, бөлімшенің нөмірі тиісті мекемелердің (мысалы, сәбилер үйі, балалар үйі, жетім балалар мен балаларға арналған мектеп-интернаттарда тұратын, ата-ана қамқорлығынсыз қалған, қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерде, ауруханаларда, санаторийлерде, демалыс үйлерінде, жатақханаларда, қонақүйлерінде, пансионаттарда және басқа да мекемелерде тұратындар) есеп кітапшасында жазбалар қалай жүргізілетініне байланысты көрсетіледі.

10. 6-тармақта "белгілі бір тұрғылықты жері жоқтарға" тұру үшін көзделмеген орындарға келген белгілі бір тұрғылықты жері жоқ респонденттер жатады. Егер " Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ" деп белгіленсе, "Жеке" (индексі 3-И, кезеңділігі біржолғы) санақ парағын толтыруға көшу керек.

11. 7-тармақты санақ парағын толтыру жөніндегі түсіндірмелерге қосымшада келтірілген мекемелерде тұратын және (немесе) келуші респонденттер үшін интервьюерлер толтырады.

12. "Үй шаруашылығының реттік нөмірі" 8-тармағының 1-бағанында – әрбір жеке үй шаруашылығына берілетін нөмір (нөмірлеу өсу реті бойынша жүргізіледі).

13. "Үй шаруашылығы шегіндегі реттік нөмір" 8-тармағының

2-бағанында – өз үй шаруашылығы шегіндегі бір үй шаруашылығының респонденттеріне "01" бастап одан әрі өсу реті бойынша берілетін нөмір. Одан кейінгі басқа үй шаруашылығының респонденттеріне де "01" нөмірінен бастап одан әрі өсу реті бойынша толтырылады.

Респонденттерді жазу 8-тармақтың 2-бағанында "01" реттік нөмірі берілетін ересектердің біреуінен басталады.

Респонденттерді жазудың келесі тәртібін сақтау қажет:

1) жұбайы мен зайыбы бірінен кейін бірі толтырылады;

2) некеде тұрмайтын ересек балаларды қоса алғанда, балалар өз ата-аналарынан кейін, одан әрі еркін тәртіпте басқа туыстары толтырылады;

3) үй шаруашылығында бірнеше ерлі-зайыптылар жұптары болған жағдайда, алдымен бір ерлі-зайыпты жұп жазылады және оның тұрмыс құрмаған, үйленбеген балалары, одан кейін екінші ерлі-зайыпты жұп және оның балалары жазылады;

4) үй шаруашылығының басқа респонденттерімен туыстық (немерелес) байланысы жоқ үй шаруашылығының респонденттері еркін тәртіпте соңғы болып толтырылады;

Үй-жайда тұратындар тізіміне жазу "Үй шаруашылығы шегіндегі реттік нөміріндегі " палаталар, бөлмелер немесе нөмірлер бойынша жүргізілетін сәбилер үйі, балалар үйі, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттар, қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерде, созылмалы ауруларға арналған ауруханаларда, мешіттерде, шіркеулерде, қонақүйлерде тұратындардың біріне "01" нөмірі, қалғандарына – келесі реттік нөмірлер қойылады. Мекемелер тізбесі осы санақ парақтарына қосымшада келтірілген.

Егер мұндай мекемелерде (палатада, бөлмеде, нөмірде) туыстық қатынастары бар ( мысалы, жұбайы мен зайыбы қарттарға арналған интернат-үйде тұрады немесе ағасы мен әпкесі – нәрестелер үйінде немесе ерлі-зайыптылар қонақүйдің бір нөмірінде тұрады) респонденттер тұрса, онда олар бір үй шаруашылығының мүшелері ретінде жазылады және үй шаруашылығы шегінде олардың біреуі бірінші, екіншісі - екінші болып жазылады, ал осы үй-жайда тұратын қалған адамдар нөмірлердің өсу тәртібінде рет-ретімен жазылатын болады.

Мына респонденттер санаты жеке үй шаруашылықтары болып саналады:

1) тұрғылықты жері бойынша олар туралы мәліметті хабарлайтын ешкімі жоқ уақытша тұратын және (немесе) келетін респонденттер санақ парағында жеке үй шаруашылығы ретінде көрсетіледі;

2) тұрғын үй-жай иесінің үй шаруашылығы құрамына жеке азаматтардан тұрғын үй-жайды жалдайтындар кірмейді;

3) қызмет көрсететін персонал болып табылатын және өздері жұмыс істейтін мекемелердің үй-жайларында (мысалы, нәрестелер үйінде, балалар үйінде, қонақүйлерде және басқа да мекемелерде) тұратындар.

14. 8-тармақтың 3-6-бағандарында респонденттердің дербес деректері толтырылады .

15. 8-тармақтың 7-бағаны тұрғылықты жері бойынша олар туралы мәліметті хабарлайтын ешкімі жоқ, осы елді мекенде 12 айдан кем уақытша тұратын және ( немесе) келетін респонденттер үшін белгіленеді.

16. 8-тармақтың 8-бағаны шетелде тұрақты тұратын, Қазақстан Республикасында уақытша жүрген респонденттер үшін белгіленеді.

"Тұратындар және (немесе)
келушілер тізімі"
(индексі 1-П, кезеңділігі
біржолғы) пилоттық халық
санағын жүргізу кезінде санақ
парағын толтыру жөніндегі
түсіндірмелерге
қосымша

## Мекемелер тізбесі

| р/с № | Атауы |
|---|---|
| 1 | Жетім балаларға арналған және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттар |
| 2 | Қарттарға, мүгедектерге арналған интернат-үйлер |
| 3 | Санаторийлік мектеп-интернаттар |
| 4 | Дарынды балаларға арналған мектеп–интернаттар |
| 5 | Сәбилер үйі |
| 6 | Балалар үйі |
| 7 | Санаторийлер |
| 8 | Демалыс үйлері мен пансионаттар |
| 9 | Ауруханалар, емханалар |
| 10 | Тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталықтары |
| 11 | Әскери бөлімше ғимараттары |
| 12 | Шекара заставалары |
| 13 | Түрмелер, түзету мекемелері |
| 14 | Кеден бекеттері |
| 15 | Ғибадат үйлері (ғимараттары) |

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 20 наурыздағы
№ 121 бұйрығымен бекітілген
Пилоттық халық санағын
жүргізу қағидаларына
3-қосымша

2018 ЖЫЛҒЫ
ПИЛОТТЫҚ
ХАЛЫҚ САНАҒЫ

Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді

Пилоттық халық санағына санақ парағының нысаны

Аумақтық статистика органына ұсынылады

| Санақ парағын толтыруға жұмсалған уақыт, сағатпен | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 сағатқа дейін | 1-2 | 2-4 | 4-8 | 8-40 | 40 сағаттан артық |

Санақ парағы www.stat.gov.kz
интернет-ресурсына орналастырылған

**"Тұрғын үй жағдайлары"**

Индексі 2-Ж

Кезеңділігі : біржолғы

Ұлттық халық санағының объектілері: үй шаруашылығының* құрамына кіретін респонденттер

* "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 23-тармақшасына сәйкес үй шаруашылығы – бірге тұратын, өз табыстары мен мүлкін толықтай немесе ішінара біріктіретін және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді бірлесіп тұтынатын бір немесе одан да көп жеке тұлғалардан құралған экономикалық субъект.

2-Ж санақ парағы "Тұрғын үй жағдайлары"

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Нұсқаушылық учаскенің нөмірі[1]<br>Есеп учаскесінің нөмірі[1] | | | | |
| Үй шаруашылығының реттік нөмірі[2] | | | | |
| | | | | Сұраққа көшу |
| 1. | Тұруға пайдаланылатын үй-жайдың типін көрсетіңіз | 1.Бір пәтерлі (жеке меншік) үй<br>2. Көппәтерлі үйлер (екі және одан да көп пәтерлі үйлер):<br>2.1. Екі пәтерлі үй<br>2.2. Үш және одан да көп пәтерлі үй<br>3. Жатақхана<br>4. Саяжай учаскесіндегі құрылыс<br>5. Қонақүй<br>6. Басқа (киіз үй, күзетші үйі, шағын вагон, контейнер) | | → 1.1<br>→ 1.1<br>→ 1.1<br>→ 1.1<br>→ 2<br>→ санақ парағы 3-И |
| 1.1. | Тұрғын үй-жай (пәтер) типін көрсетіңіз | 1. Пәтер<br>2.Жапсарлас салынған, қондыра салынған<br>3.Бөлме | | → 2 |
| 2. | Тұрғын үйлердің (тұрғын ғимараттардың) салынған жылын көрсетіңіз | | | → 3 |
| 3. | Тұрғын үйлердің (тұрғын ғимараттардың) қабаттылығын көрсетіңіз | | | → 4 |
| 4. | Тұрғын үйлердің (тұрғын ғимараттардың) сыртқы қабырғаларының материалдарын көрсетіңіз | 1. Кірпіш, тас<br>2. Ірі панельді<br>3.Қаңқа-панельді<br>4. Көлемді-блокты<br>5. Ірі блокты<br>6. Ағаш, шпалдар<br>7. Монолитті бетон (темір бетон) | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 8. Ұялы бетон<br>9. Саман<br>10. Қаңқа-қамысты<br>11. Басқа қабырға материалдары | | → 5 |
| 5. | Сіз орналасқан тұрғын үйде абаттандырудың қандай түрлері бар? | 1. Электр қуаты<br>2. Электр плитасы (еденге қоятын)<br>3. Газ<br>3.1. желілік газ (табиғи)<br>3.2. сұйытылған газ (баллондағы)<br>4. Жылыту<br>4.1. орталықтан жылыту<br>4.2. дербес жылыту (жеке қондырғылардан, қазандықтардан жылыту)<br>4.3. жаңартылатын энергия көздерінен<br>4.3.1. күн сәулесінің энергиясы<br>4.3.2. жел энергиясы<br>4.3.3. органикалық қалдықтардан алынатын отын<br>5. Пешпен жылыту:<br>5.1. қатты отынмен<br>5.2. сұйық отынмен<br>5.3. газбен<br>5.4. электрмен<br>6. Сумен жабдықтау<br>6.1. үйдегі (ғимараттағы немесе пәтердегі) су құбыры<br>6.2. үйден (ғимараттан немесе пәтерден) тыс су құбыры<br>6.3. құдық, колонка немесе сумен жабдықтаудың ұқсас көздері<br>6.4. ауыз су жеткізу<br>7. Санитарлық торап (сумен шайылатын дәретхана)<br>8. Орталық кәріз<br>9. Стационарлық ванна немесе сусебезгі<br>10. Орталықтан ыстық сумен жабдықтау<br>11. Жеке су жылытқыштардан ыстық сумен жабдықтау<br>12. Қоқысты жинау және әкету<br>13. Стационарлық телефон байланысы | | → 6 |
| 6 | Сіздің тұрғын үйіңіздің жалпы ауданының көлемін көрсетіңіз– шаршы метр (цифрмен көрсетіңіз) | | | → 6.1 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6.1. | Сіздің тұрғын үйіңіздің тұрғын аудан көлемін көрсетіңіз- шаршы метр (цифрмен көрсетіңіз) | | | → 7 |
| 7. | Тұрғын үй-жайда неше тұрғын бөлме бар (ас үй, ванна, дәретхана, дәліз, қоймадан басқа)? | 1) 1 бөлме<br>2) 2 бөлме<br>3) 3 бөлме<br>4) 4 бөлме<br>5) 5 және одан да көп бөлме | | → 7.1 |
| 7.1. | Неше тұрғын бөлме Сіздің үй шаруашылығыңызды құрайды (ас үй, ванна, дәретхана, дәліз, қоймадан басқа)? | 1. Бөлмелер саны<br>2. Бөлме бөлігі | | → 8 |
| 8. | Сіз тұрып жатқан тұрғын үй кімге тиесілі? | 1.Жеке меншік<br>1.1. үй шаруашылығының құрамына кіретін респондентке<br>1.2. үй шаруашылығының құрамына кіретін респонденттерге<br>1.3. жеке тұлғаға<br>1.3.1. жеке тұлғаға ақы төлеусіз<br>1.3.2. жеке тұлғаға ақы төлеумен<br>1.4. заңды тұлғаға<br>1.4.1. заңды тұлғаға ақы төлеусіз<br>1.4.2. заңды тұлғаға ақы төлеумен<br>2. Мемлекеттік меншік | | → 3-И санақ парағы |

Ескертпе:

1 Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің қалалық және облыстық статистика департаменттері нұсқаушылық және есеп учаскелерінің нөмірлерін автоматты түрде береді;

2 "Үй шаруашылығының реттік нөмірі" "Тұратындар және (немесе) келушілер тізімі " (индексі 1-П, кезеңділігі біржолғы) 1-П санақ парағынан автоматты түрде көшіріледі.

Пилоттық халық санағын жүргізу кезінде "Тұрғын үй жағдайлары" санақ парағын толтыру бойынша түсіндірмелер "Тұрғын үй жағдайлары" (индексі 2-Ж, кезеңділігі біржолғы) санақ парағына қосымшада келтірілген

"Тұрғын үй жағдайлары"
(индексі 2-Ж, кезеңділігі
біржолғы) санақ парағына
қосымша

## Пилоттық халық санағын жүргізу кезінде "Тұрғын үй жағдайлары" (индексі 2-Ж, кезеңділігі біржолғы) санақ парағын толтыру жөніндегі түсіндірмелер

1. Осы Пилоттық халық санағын жүргізу кезінде "Тұрғын үй жағдайлары" (индексі 2-Ж, кезеңділігі біржолғы) санақ парағын (бұдан әрі – санақ парағы) толтыру бойынша түсіндірмелер санақ парағын толтыруды нақтылайды.

2. Санақ парағын толтыру кезінде көрсетілген жауап нұсқаларында тиісті белгілер қойылады, қажет болған жағдайда цифрлар және (немесе) мәтін енгізіледі.

3. Санақ парағын әр үй шаруашылығының құрамына кіретін респонденттердің біреуі толтырады. 1-7-сұрақтар үй шаруашылықтары тұратын тұрғын үйге қатысты. 7.1 және 8-сұрақтар осы тұрғын үйде тұратын әр үй шаруашылығына қатысты.

4. 1-сұрақта келесі түсіндірмелер пайдаланылады:

1) егер үй шаруашылығы меншік нысанына қарамастан жеке үйде, коттедж типіндегі тұрғын үйде тұрса, онда "бір пәтерлі (жеке үй)" белгіленеді.

2) егер үй шаруашылығы көп пәтерлі үйде тұрса, онда "екі пәтерлі үй " немесе "үш және одан да көп пәтерлі үй" жауаптарының бір нұсқасы белгіленеді.

3) егер еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін, студенттер (курсанттар, аспиранттар ) және оқу кезеңінде оқушылардың тұруы үшін, сондай-ақ меншік иесімен немесе жатақхана иесімен еңбек шарты бар басқа да адамдар үшін арнайы салынған немесе қайта жабдықталған болса, онда "Жатақхана" белгіленеді.

"Қонақүй" немесе "Басқа (киіз үй, күзетші үйі, шағын вагон, контейнер)" жауаптары болған жағдайда санақ парағы одан әрі толтырылмайды.

5. Егер үй шаруашылығының құрамына кіретін респондентте

(бұдан әрі – респондент) тұрғын үйлердің (тұрғын ғимараттардың) салынған жылы туралы мәліметтер болмаса, 2-сұрақта жауап толтырылмайды.

6. 4-сұрақта егер қабырғалар бірнеше материалдардан салынған болса, аталған құрылыстағы басым материалды көрсеткен жөн. Егер респондентте сыртқы қабырғалардың материалдары туралы мәліметтер болмаса, сұраққа жауап толтырылмайды.

7. 5-сұрақта мына жағдайларда:

егер үйде электр сымдары болса, электрмен;

егер (еденүсті) электр плитасы немесе (еденүсті) электр плитасы орнатылған бөлек тұрған ас үйі бар үй (асүйге арналған арнаулы күрделі ғимарат) болса, (еденге қойылатын) электр плитамен;

егер желілік табиғи газбен жабдықталған газ плитасы болса, желілік (табиғи) газбен ;

егер сұйытылған газбен жабдықталған еденге қойылатын газ плитасы болса, сұйытылған газбен (газ тәрізді заттарды сақтауға арналған баллондағы немесе газгольдерлердегі-резевуарлардағы), сондай-ақ сұйытылған газбен жабдықталған газ плитасы орнатылған бөлек тұрған ас үйі бар үй газдандырылған деп саналады;

егер өзінің үй қазандығынан, орамдық немесе аудандық қазандығынан, жылу электр орталықтарынан орталықтан жылыту бар болса, сондай-ақ автоматты газды су жылытқыштар (бұдан әрі – АГС) қондырғылары орнатылса, орталықтан жылыту;

егер пәтерлерде су жылытқыштардан жылыту болса (АГС) және газ бен қатты, сұйық отынмен жағылатын оқшау, орталықтандырылмаған, шағын жылыту қазандықтары болса, дербес жылытумен (жеке қондырғылардан, қазандықтардан жылыту);

жаңартылатын энерия көздерімен – күн сәулесінің энергиясы, жел энергиясы, гидродинамикалық су энергиясы; геотермальдық энергия: топырақтың, жерасты суларының, өзендердің, су қоймаларының жылуы, сондай-ақ бастапқы энергия ресурстарының антропогендік көздері: биомасса, биогаз және электр және (немесе) жылу энергиясының өндірісі үшін пайдаланылатын органикалық қалдықтардан алынатын өзге де отын түрлері кіретін табиғи жаратылыс процестері есебінен үздіксіз жаңартылатын энергия көздерімен;

егер жылыту қондырғыларынан немесе дәстүрлі тұрғын үйдің ішінде тұрған немесе үлкен жеке үйлердің немесе коттеджердің иелерінде айрықша жағдайлар үшін резервтік нұсқа ретінде газбен, электрден, қатты және сұйық отынмен жағылатын жабдықтан жылытылатын болса, пешпен жылытумен;

егер үйдің ішінде су орталықтандырылған су құбырынан немесе артезиандық ұңғымадан келетін тарату желісі болса, үйдегі (ғимараттағы немесе пәтердегі) су құбырымен;

егер үйден тыс (бөлек тұрған ас үй немесе үйден тыс ұқсас үй-жайлар) су орталықтандырылған су құбырынан немесе артезиандық ұңғымадан келетін тарату желісі болса, үйден (ғимараттан немесе пәтерден) тыс су құбырымен;

егер үй ауласында құдық не су тартқыш шүмек (колонка) немесе сумен жабдықтаудың ұқсас көздері болса, құдықпен, колонкамен немесе сумен жабдықтаудың ұқсас көздерімен;

егер үйде жоғарыда көрсетілген сумен жабдықтау көздері болмаса, басқа өңірлерден, алыс орналасқан су көздерінен немесе сумен жабдықтаудың ұқсас көздерінен ауыз суды жеткізу көлікпен жүзеге асырылса, ауыз суды жеткізумен;

егер тұрғын үйде дәретхана (сумен шайылатын санитарлық торап) және шаруашылық нәжіс суларының көшедегі кәріз желісіне ағуына арналған кәріз құрылғысы немесе су сіңіретін құдықтар болса, санитарлық тораппен (сумен шайылатын дәретхана);

егер үйдің ішінде көшедегі кәріз желісіне шаруашылық нәжіс суларының ағуына арналған кәріз құрылғысы немесе су сіңіретін құдықтар болса, орталық кәрізбен. Су құбыры жоқ, сондай-ақ биодәретханасы бар болған жағдайда тұрғын үй кәрізбен жабдықталған деп есептелмейді;

егер ванна немесе себезгі жеке ванна бөлмесінде де, сондай-ақ ыстық судың келу тәсіліне қарамастан, осы мақсат үшін арнайы жабдықталған бөлмеде орнатылса, тұрақты ванна немесе себезгімен, бұл ретте ванна (себезгі) орнатылған, ал кәрізі жоқ тұрғын үй ваннамен немесе себезгімен жабдықталған деп есептелмейді;

егер тұрғындардың тұрмыстық мұқтаждығы үшін ыстық суды орталықтан беретін арнайы су құбыры болса, орталық ыстық сумен жабдықтаумен;

егер газды (отынды) колонкалардан, пәтерлер бойынша су жылытқыштардан, шағын жылу қазандықтарын қоса алғанда, ыстық су беретін арнайы су құбыры болса, жеке су жылытқыштардан ыстық сумен жабдықтаумен;

егер тұрғын үйден қоқысты стационарлық жинау және әкету жүзеге асырылса, қоқысты жинау және әкету;

егер қалааралық және халықаралық телефон сөйлесулерін жүзеге асыратын стационарлық телефон байланысы болса, стационарлық телефон байланысымен тұрғын үй жабдықталған болып саналады.

8. 6 және 6.1-сұрақтарда тұрғын үйдің жалпы және тұрғын аудандарының көлемдері ондық белгілер мен үтірлерсіз тұтас сандармен көрсетіледі.

Жалпы ауданға мына аудандар кірмейді:

1) баспалдақ алаңдары, лифт холлдары, тамбурлар, дәліздер (пәтердің ішіндегілерден басқа), вестибюльдер;

2) шығыңқы конструкциялық элементтер мен жылыту пеші тұрған;

3) жеке тұрған ас үйлер, моншалар, сарайлар, күркелер.

Егер респондентте жалпы және тұрғын аудандарының көлемдері туралы деректер болмаса, 6 және 6.1-сұрақтарда жауаптар толтырылмайды.

9. 7-сұрақта тұрғын үй-жайда барлығы неше тұрғын бөлме бары (ас үй, ванна, дәретхана, дәліз, қоймадан басқа) көрсетіледі.

10. 7.1-сұрақта үй шаруашылығы алатын тұрғын бөлмелердің саны цифрмен көрсетіледі. Егер үй шаруашылығы толық бөлмені емес, тек оның бөлігін ғана алса, онда "бөлме бөлігі" белгіленеді.

11. 8- сұрақта мынадай түсіндірмелер пайдаланылады:

Егер тұрғын үй үй шаруашылығының құрамына кіретін респонденттің меншігінде болса, "үй шаруашылығының респондентіне" деп белгіленеді.

Егер тұрғын үй осы үй шаруағылығының құрамына кіретін бірнеше немесе барлық респонденттердің меншігінде болса, "үй шаруашылығының құрамына кіретін респонденттерге" деп белгіленеді.

Егер үй шаруашылығы туыстарының, жақындарының, таныстарының меншігіндегі тұрғын үйде тұрып жатса, жеке тұлғаға "ақы төлеумен" немесе "ақы төлеусіз" деп белгіленеді.

Егер үй шаруашылығы жеке меншік құқығындағы заңды тұлғаға тиесілі тұрғын үйде тұрып жатса, заңды тұлғаға "ақы төлеумен" немесе "ақы төлеусіз" деп белгіленеді.

Егер үй шаруашылығы мемлекеттік тұрғын үй қорына меншік құқығында тиесілі тұрғын үйде тұрып жатса, "Мемлекеттік меншік" деп белгіленеді.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 20 наурыздағы
№ 121 бұйрығымен бекітілген
Пилоттық халық санағын

жүргізу қағидаларына
4-қосымша

# 2018 ЖЫЛҒЫ ПИЛОТТЫҚ ХАЛЫҚ САНАҒЫ

Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді

Пилоттық халық санағына санақ парағының нысаны

Аумақтық статистика органына ұсынылады

| Санақ парағын толтыруға жұмсалған уақыт, сағатпен | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 сағатқа дейін | 1-2 | 2-4 | 4-8 | 8-40 | 40 сағаттан артық |

Санақ парағы www.stat.gov.kz
интернет-ресурсында орналастырылған

"Жеке"

Индексі 3-И
Кезеңділігі: біржолғы

Ұлттық халық санағының объектілері: үй шаруашылығының құрамына кіретін респонденттер*

* "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 23-тармақшасына сәйкес үй шаруашылығы – бірге тұратын, өз табыстары мен мүлкін толықтай немесе ішінара біріктіретін және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді бірлесіп тұтынатын бір немесе одан да көп жеке тұлғалардан құралған экономикалық субъект.

"Жеке" 3-И санақ парағы

| | | | |
|---|---|---|---|
| Нұсқаушылық учаскенің нөмірі1<br>Есеп учаскесінің нөмірі1 | | | |
| Үй шаруашылығының реттік нөмірі2<br>Үй шаруашылығы шегіндегі реттік нөмір2 | | | |
| 1.Жалпы сипаттамалар | | | |
| 1. | Тегі<br>Аты<br>Әкесінің аты (болған жағдайда) | | _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _<br>_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _<br>____________ |
| 2. | ЖСН | | |
| 3. | Жынысы | 1. Ер<br>2. Әйел | |
| 4. | Туған күні | Күні<br>Айы<br>Жылы<br>Жас саны | |
| | | 1. Үй шаруашылығында бірінші жазылған респондент<br>2. Жұбайы, зайыбы<br>3. Ұлы, қызы<br>4. Әкесі, анасы<br>5. Ағасы, інісі, әпкесі,сіңлісі<br>6. Қайын атасы, | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5. | Осы үй шаруашылығы шегінде бірінші жазылған респондентке қатысыңызды көрсетіңіз | енесі (қайын енесі ) 7. Күйеу бала, келін 8. Атасы, әжесі 9. Немересі 10. Туыстықтың басқа деңгейі 11. Туыс емес ( туыстық жоқ) Үй шаруашылығы шегіндегі 1-П парағына сәйкес әкеңіздің ( анаңыздың) нөмірін көрсетіңіз | |
| 6. | Туған жеріңізді көрсетіңіз | 1. Қазақстан Республикасы (облыс, қала, аудан, ауылдық округ, елді мекенді көрсетіңіз) 2. Басқа ел (көрсетіңіз) | _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ ____________ |
| 7. | Азаматтығыңызды көрсетіңіз | 1. Қазақстан Республикасы 2. Басқа ел (көрсетіңіз) 3. Азаматтығы жоқ | _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ |
| 8. | Тұрғылықты жеріңізді көрсетіңіз | 1.облыс, қала, аудан, ауылдық округ, елді мекенді көрсетіңіз 2.даңғыл, көше, алаң, тұйық көше, өтпе жол, үйдің нөмірі, пәтердің нөмірі | _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ ____________ |
| 9. | Халықты есепке алу сәтіндегі орналасқан жеріңізді (2018 жылғы 31 наурыздан 1 | 1. Осы елді мекенде: 1.1. Тұрақты тұрамын 1.2. Уақытша тұрамын және ( немесе) келдім 2. Басқа елді мекенде (облыс, қала, аудан, ауылдық | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | сәуірге қараған түнгі сағат 00-де) көрсетіңіз | округ, елді мекенді көрсетіңіз)<br>3. Қазақстан Республикасының шегінен тыс (елді көрсетіңіз) | _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _<br>____________ |
| 9.1. | Уақытша тұрудың немесе тұрмаудың себебін көрсетіңіз | 1. Жұмысқа байланысты<br>2. Оқуға байланысты<br>3. Отбасылық ( жеке) жағдайлар бойынша<br>4. Туризм<br>5. Басқа | |
| 9.2. | Уақытша тұру немесе тұрмаудың ұзақтығы | Күндер<br>Айлар | |
| 2.Этномәдени сипаттамалар | | | |
| 10. | Этникалық тиістілігіңізді ( ұлтыңызды) көрсетіңіз | 1.Қазақ<br>2. Орыс<br>3. Басқа (көрсетіңіз) | _____________ |
| 11. | Діни сеніміңізді көрсетіңіз | 1.Ислам<br>2. Христиан<br>3. Иудаизм<br>4. Буддизм<br>5. Басқа (көрсетіңіз)<br>6.Жауап беруден бас тартамын<br>7. Дінге сенбейтін | _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ |
